



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігіміз



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады



Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Биыл Ата Заңымызға 30 жыл толып отыр. Бұл – еліміздің егемендігі мен елдігі, тұрақтылығы мен тұтастығының айқын белгісі.

1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституция Тәуелсіз Қазақстанның саяси, құқықтық және әлеуметтік негізін қалап, мемлекеттігіміздің берік тірегіне айналды. Ата Заң – демократиялық құндылықтарға сүйенген, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын басты орынға қойған тарихи құжат.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауларында «Әділетті Қазақстан – бұл ең алдымен заң үстемдігі және азаматтардың құқығын толық қорғау» деп атап өтті. Бүгінде бұл қағида біздің даму жолымыздың темірқазығына айналды. Конституцияның арқасында елімізде тұрақтылық пен қоғамдық келісім орнап, әр азаматтың құқығы мен бостандығы, заң алдындағы теңдігі қамтамасыз етілді.

Осы жылдар ішінде Конституция негізінде жүргізілген реформалар елді жаңғыртуға, билік тармақтарының тиімді жұмыс істеуіне және азаматтық қоғамның дамуына жол ашты. Президентіміз атап өткендей, ел мүддесіне сай реформалар арқылы Жаңа Қазақстанды бірге құрып келеміз. Бұл жолда ауданымыз да өз үлесін қосып келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасы, Үкімет пен аймақ басшылығының қолдауымен ауданда әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жоғары.

Құрметті жерлестер!

Конституция күні – барша қазақстандықтар үшін ортақ мереке. Бұл – еркіндік пен бірліктің, бейбіт өмір мен келешекке деген сенімнің символы.

Осы мерекелі күні сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, ырыс-береке, мол табыс тілеймін. Ел бірлігі арта берсін, тәуелсіздігіміз мәңгі жасасын!

Құрметпен, Жалағаш ауданының әкімі
Ардақ ИБРАИМОВ

Ата Заңым – алтын дінгегім

Қай елде болсын заңның ең үлкені, темірқазығы Конституция болып табылады. Ол – кемелділік көкжиегін кеңітетін құжат. Халқымыз онымен өзінің тағдырын, болашақ асуларын байланыстырады. Ата Заң негізінде және оған сүйене отырып, елімізде жүргізілген реформалардың оң нәтижесі ретінде қоғамда тыныштық пен бейбітшілік қалыптасты. Сондықтан Конституция күні – халқымыз үшін ең қастерлі, ең ұлық мереке. Мемлекетіміздің құқықтық негізін айқындаған Ата Заңымыздың қабылданғанына биыл 30 жыл толып отыр.



Иә, Ұлы даламыздың тамыры тереңде жатқан құндылықтарын қадір тұтқан, тәуелсіз мемлекетіміздің алтын тірегі мен темірқазығы іспеттес басты құжаты – Конституция. Ата Заңымыз ардақталар мереке қарсаңында Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде «Ата Заңым – алтын дінгегім» атты салтанатты шара өтті.

Шарада аудан әкімі Ардақ Ибраимов тұрғындарды Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтап, Ата Заңымыздың беделі мен маңызына тоқталды.

– 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Ата Заң тәуелсіздіктің, тұрақтылықтың, әділет пен құқық үстемдігінің символына айналды. Биыл осы тарихи құжаттың қабылданғанына 30 жыл. Ата Заңымыз – Қазақстан халқының еркін таңдауымен бекітілген,

мемлекетіміздің саяси-құқықтық негізі. Онда адамның құқықтары, бостандықтары, мемлекеттік құрылым және басқару жүйесі нақты белгіленген. Конституция – біздің тәуелсіздігімізді айқындайтын басты заң, әрбір азаматтың мүддесін қорғаушы құжат. Осы 30 жыл ішінде Конституцияның арқасында еліміз бейбіт даму жолымен жүріп келеді. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырулар, саяси тұрақтылық, халықаралық бедел осының барлығы Ата Заң негізінде жүзеге асқан. Еліміздің басқа аймақтарымен қатар Сыр өңірі, оның ішінде Жалағаш ауданы да тұрақты даму үстінде. Осы кезге дейін атқарылған тынымсыз тірліктің арқасында ауданның экономикалық бет-бейнесі қалыптасып, нығаю үстінде. Сіздерге мерейлі мереке қарсаңында мықты денсаулық, отбастарыңызға амандық, молшылық, бақ-береке тілеймін! Тәуелсіздігіміздің

тірегі, мемлекетіміздің жүрегі болған Ата Заңымыз мәңгілік болсын, – деді аудан әкімі.

Конституция – мызғымыз мемлекетіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің айнымас бағдары, кемел келешегіміздің көпірі. Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы, Тәуке ханның Жеті жарғысынан бастау алатын Ата Заң бүгінде басты құжатымызға айналды.

Тарихқа жүпісек, 1995 жылы 30 тамызда – жалпыхалықтық референдумға сайлаушылардың 90,58 пайызы қатысып, 89,14 пайызы жаңа Конституцияны қолдады. Бұл тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынып, елдің пікірі ескерілген халықтық Конституция болды. Онда Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екені, мемлекеттің ең жоғары құндылығы адам

және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені көрсетілген.

Конституция – Ел тәуелсіздігінің баянды болуының көпірі. Ата-балаларымыз дала заңдарының бір-бірлері билеріміздің билігіне сөзсіз бағынған. Тарихтан тағылым алған бүгінгі буын да игі дәстүрді жалғап, ұрпақтар сабақтастығын үзген емес. Ата Заңымыздың негізгі ережелері аясында еліміздің тұрмыс-тіршілігі айтарлықтай өзгеріп, нарықтық экономика құрылып, демократиялық қоғамның негізі қаланды.

Шарада Ардақ Әбдіғәппарұлы аудандық өркендеуіне үлес қосып жүрген бірқатар сала қызметкерін арнайы облыс, аудан әкімдерінің алғыс хаттарымен марапаттады. Мұнан әрі мерекелік шара аудан өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Маман мерейі

Қырағы полицей



Заң – бәріне ортақ, сондықтан оған бағыну да – баршамызға міндет. Қылмыстың, құқық бұзушылықтың басқа түрлерін былай қойғанда, қарапайым жол жүру ережелерін елемейтін жүргізушілердің салдарынан қаншама қайғылы жағдайлардың орын алатынын жақсы білеміз. Ал осындай апаттардың алдын алуда жол патрульдік полициясының еңбегін жоққа шығаруға тағы болмайды.

Жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жалағаштық полицейлер нәтижелі жұмыс жасауда. Антына адал азаматтардың мақсаты бір, жүгенсіз жүргізушілердің заңға бағынуын реттеп, аудан аумағында жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ғани Амандулланың дәл осы мақсатта еңбек етіп келе жатқанына 15 жылға жуықтады. Алғаш еңбек жолын Қызылорда қаласында бастаған қырағы полицей – бүгінде Жалағаш ауданындағы жол қауіпсіздігіне жауапты тәжірибелі һәм білікті қызметкердің бірі.

Иә, ол бала күнінен ішкі істер саласында қызмет етуді мақсат етті және

сондай жауапты қызметті абыроймен атқаруға өз-өзін шыңдады. Кез келген жағдайға бейжай қарамауға тырысты. Ал мұндай жауапкершіліктің ішкі істер саласында қандай маңызды рөл атқаратынын айтпаса да түсінікті.

Орта мектепті тәмамдаған Ғани Амандулла өз мақсатына тұрақты болды. Осылайша еліміздегі маңдай-алды оқу орнынан заңгер мамандығын меңгерді. Қолына диплом тиісімен Қызылорда қаласында жол патрульдік полициясы болып алғаш еңбек жолын бастады. Қазір дәл осы қызметті абыроймен һәм жауапкершілікпен атқарып келеді.

«Қазір Жалағашта жол қауіпсіздігіне қатысты айтарлықтай мәселе жоқ, жүргізушілер заңға бағынады» дейді қырағы полицей.

Оның үстіне соңғы жылдары аудан орталығында орнатылған камералар да жергілікті жұрттың тәртіпке бағынуына айтарлықтай әсер еткен көрінеді. Оған жыл сайын үздіксіз жүргізіліп келе жатқан профилактикалық шараларды қосыңыз. Мұның бәрін қамтамасыз етуде Ғани Амандулла секілді жауапты қызметкерлердің де еңбегі ерөн.

– Қазір жүргізушілер жол қауіпсіздігіне жауапты. Кейбірі жолдағы қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтай бермейді. Біз бірінші кезекте оның қандай қауіпті екенін, мейлінше заң талаптарына бағыну баршамызға ортақ екенін айтып түсіндіреміз. Ал қайталап, айыппұлсын саламыз. Біздің мақсат – біреудің қалтасын қағу емес, керісінше еліміздің Конституциясында көзделген заңның өз аймағымызда сақталуын, оған бағынуды қамтамасыз ету. Шындығында, жол саласына қатысты заңдағы барлық талап өзіміздің қауіпсіздігімізге байланысты. Сондықтан оны сақтауға өз жауапкершілігімізбен қарауымыз керек. Сонда ғана тәртіп болады, сонда ғана жол апатының алдын аламыз, кез келген жол бойында туындайтын мәселеге жол бермейміз. Қорыта айтқанда, жолдағы қауіпсіздікке тек жол патрульдік полициясы ғана емес, жүргізушілер де жауапты, – дейді аға лейтенант Ғани Амандулла.

Иә, аға лейтенанттың бұл сөзіне біздің де алып-қосарымыз жоқ. Шындығында, жауапкершілік – ортақ міндет. Міне, жалпы қоғамда осындай түсінік қалыптасқанда ғана қырағы полицей айтқандай, кез келген мәселенің алдын алуға жол ашылар еді.

Ғанекен ауылдық елді мекендерге де барып, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндерін айтады. Мұндайда қарапайым белдік тақпау, жылдамдықты шамадан

тыс асыру секілді жол жүру ережелеріне сай емес жағдайлармен де бетпе-бет келетін көрінеді.

– Ауылдарға сапарымызда осындай жағдайларға да күү боламыз. Оның заңға қайшы екенін айтсаң, кейбірі «ауыл ғой» деп ренжиді. Шындығында, апат айтып келмейді. Сондықтан мейлінше жолда қауіпсіздік талаптарына бағыну керек. Өйткені біздің ата заңымыз ауыл халқына да, басқаға да ортақ. Жаңа сөзіміңіз ба-сында айтқанымыдай, оны қамтамасыз ету – тағы да баршамызға міндет, – дейді ол.

Антына адал азамат бұл салада өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқаруда. Тіпті ұзақ жылдық еңбек де елестіп, бірнеше рет марапат төрінен көрінді. «Ер ең-

бегі елесті» деген осы шығар, сіре.

Айта кетейік, биыл 6 айда ауданда 3 277 құқық бұзушылық анықталған. Аудан көлемінде құжатсыз автокөліктерін, немесе алкогольдік ішімдіктерін ішкен күйде көлік құралдарын басқарғаны үшін және басқа да жол көлік оқиғаларын жасағаны үшін арнайы кент әкімдігіне қарасты автотұраққа 147 автокөлік қойылған. Оның 19-ы еш құжатсыз басқарғаны үшін, 11-і автокөлікті масаң күйде басқарғаны үшін, 49-ы жолкөлік оқиғаларын жасағаны үшін және 45-і ҚР міндетті сақтандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін қойылған. Басқа да баптарды бұзу бойынша 23 автокөлік қойылған.

Жолкөлік оқиғаларын азайту, алдын алу бағытында жала-

ғаштық қырағы полицейлер түрлі профилактикалық шаралар жүргізуде. Мәселен, осыған дейін «Автобус», «Мотоцикл», «Скутер», «Заңсыз такси», «Қауіпсіз жол», «Құқық тәртіп», және «Жол қауіпсіздігі апталығы» жедел профилактикалық іс-шаралары ұйымдастырылған. Аудандық полиция бөлімі қызметкерлері мұның барлығы өз нәтижесін беріп жатқанын айтады.

Жалпы кез келген салада еңбек ету оңай емес, әр саланың өз қызығы мен қиыншылығы қатар жүреді. Ал мұндай жағдайларды Ғани секілді өз жұмысына мақсатпен келген азаматтар ғана еңсертетіні анық.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Өңір келбеті

Руханият орталығы – бірліктің ордасы

Жыл басында Жалағаш жаңа белеске қадам басты. Жалағаш кентінде «Руханият орталығы» бой көтеріп, ел игілігіне берілді. Бірнеше мекеменің басын бір арнаға тоғыстырған бірлік ордасына апта басында арнайы аялдап, бүгінгі тынысымен танысып қайттық.

Өткен жылы өңірімізде «Руханият жылы» деп жарияланып, мәдени-көпшілік шаралармен қатар ауқымды жобалар жүзеге асты. «Руханият жылы» Сыр өңірі үшін жемісті жыл болды. 7 ауданда құны 11 млрд 500 млн теңге тұратын ғимаратта неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар ресурстық орталығы мен ардагерлер кеңесі бар. Әртүрлі бағытта қызмет көрсететін мекемелер орталыққа бірігу арқылы ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрімізді кеңінен дәріптеп келеді.

Сән-салтанаты келіскен ғимараттың бірінші қабатында тарихи өлке-тану музей, ардагерлер кеңесі, үкіметтік емес ұйымдар, әйелдер кеңесі, қоғамдық келісім, неке сарайы орналаса, екінші қабатында аудандық кітапхана, жастар ресурстық орталығы, қызметкерлер және әдістемелік, қабылдау бөлмесі, сондай-ақ оқырмандар кітап оқитын оқу залы да қарастырылған. Тағы бір ерекшелігі, мұнда электронды оқу залы да бар. Ал ең төменгі қабатта аудандық архив орналасқан, яғни қор осы жақта сақталған.

Музей – көне жәдігерлер көзі

Аудан тұрғындарының тарихымызды танып, ескекелеу ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиетті сіңіруде аудандық музейдің алар орны ерекше. Себебі ол адамзатты өткен уақытпен жүздестіріп, тарихтан сыр шертеді. Ұзақ жыл бойы зерттеп-зертделген асыл жәдігерлерді де қалың жұртқа ұсынатын мәдени орталықтың бірі де бірегейі. Тарихқа көз жүгіртсек, аудандық тарихи-өлкетану музейінің жылнамасы XX ғасырдың 80 жылдарынан бастау алған. 1980 жылдардың орта шенінде ауданда алғаш рет музей ашу жұмыстары қолға алынып, сол жылдары біршама жұмыс атқарылғанымен, кейін түрлі себептермен мекеме жұмысы аяқсыз қалған.

1998 жылдың аяғында, яғни ауданның 60 жылдық мерейтойына орай аудандық музейді ұйымдастыру жұмыстары қайта жанданып, музей экспозициясында сонау XX ғасырдың 20-30 жылдары құрылған ауылдың Кеңес үкіметі мен нәубет жылдарынан бастап, қазіргі заманға дейінгі тарихи жайлы сыр шертетін құнды мәліметтер қамтылған.

27 жылдық тарихы бар аудандық музей – аудан көлемінде өмір сүрген ата-бабаларымыздың тарихы туралы сыр шертетін асыл мұралар мекені. Экспозицияға қойылған экспонаттар хронологиялық ретпен



орналастырылып, ауданның құрылуы, тарихы, ауыл шаруашылығы мен мәдениеті жайлы сыр шертіп, көрерменнің қызығушылығын тудырып келеді. Сондай-ақ батырлардың қару-жарақтары, халқымыздың ежелде қолданған көне тұрмыстық заттары, киім-кешектер мен өлкенің табиғатын бейнелейтін өсімдіктер мен жануарлар, түрлі аспаптар да қазір біздің музейдің төрінен орын алып тұр. Қазіргі таңда жалпы музей қорында 9 мыңға жуық экспонат сақталуда. Алдағы уақытта аудандық музей ұжымы ауданның сан ғасырлық тарихын зерттеп, зерделеіп, тарихи-мәдени мұраларды жинақтап, музей қорын құнды экспонаттармен толықтыра бермек.

Халқымыздың рухани асыл қазыналарын жинақтап, өлкеміздің өткені мен бүгінін жалғап отырған тарихи терең музейден түрлі жәдігерлер туралы құнды мағлұмат алған өріптесім өкеуім түйір-түйір тастың өзі тарихтан мол сыр шертетінін аңғардық. Себебі Жалағаш ауданы – тарихи терең киелі өлке.

Ел мәселесін ескерусіз қалдырмай, халықтың мұң-мұқтажын аудан өкіміне жеткізіп, халық пен билік арасына алтын көпір салып жүретін ақсақалдар кеңесі де бүгінде ауданда жұмелі жұмыс жасауда. Ауылдың ауызбіршілігін нығайтып, жастарға бағыт-бағдар беретін ақсақалдар кеңесі мүшелерінің қатысуымен бірқатар шара ұйымдастырылып келеді. Олардың қатысуымен ауылдағы қордаланған мәселелер мен отбасылық түйткілдердің де түйіні тарқатылуда. Айта кетейік, ақсақалдар кеңесі тоқсан сайын кездесу ұйымдастырып, атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерді саралайды.

Аудандық аналар кеңесінің төрайымы Айқын Жақсылықованың бастамасымен ауданда «Салауатты сана» жобасы аясында іс-шаралар өткізіліп, әр ауылдық округте отбасы құндылығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді. Сондай-ақ әр ауылдық округте отбасы құндылықтарын дәріптеп, ене мен келін ара-

сындағы байланысты нығайту мақсатында түрлі сайыстар өткізіліп, жас ұрпаққа тағылымды тәрбие беріледі.

Елде ұлтаралық сыйластық пен дінаралық түсінікті нығайту жолында «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орны бөлек. Басты міндеті – этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты сауатты да жүйелі жүзеге асыру, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының қызметін жандандыру және ос ыбағытта ұлтаралық достыққа дөңкер, береке-бірлік пен ырыс-ынтымаққа ұйытқы болар түрлі шаралар ұйымдастыру. Аудан бойынша этносаралық қатынастар жөніндегі сарапшы Әсел Балмыраеваның айтуынша, қазір ауданда этностар саны 254 адамды құрайды. Олардың басым көпшілігі Бұқарбай батыр мен Аққұм ауылында шоғырланған орыс, керіс, шешен ұлтының өкілдері. Олардың қатысуымен орталықта түрлі іс-шаралар өтеді. Мәселен, Ассамблеяның 30 жылдығы аясында ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында шеберлік сағатын өткізді.



Шара барысында этнос өкілдері ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрімізді жаңғыртып, кимешек тігіп, ұршық иіріп, ши тоқып, айран піскен. Олар қазіргі таңда аудандағы білім беру, денсаулық, спорт, еңбек ұжымдарында қызмет етіп, ауданның қоғамдық саяси, мәдени шараларына белсене араласуда.

Орталықтың ішіндегі ерекше бөлім – неке қию залы. Жалағаштық жастар өнді неке қию рәсімін жаңа салтанат залында өткізіп жүр. Бұл жерде жаңа отбасының шаңырақ көтеру күнін ғана емес, күміс және алтын тойларын да атап өте алады. Айта кетейік, бытыр 125 жұл некесін қидырса, жыл басынан бері 58 жұп некелескен.

Жастар – ел ертеңі

Аудандық жастар ресурстық орталығы да «Руханият орталығының» ішінде. Аталған орталық аудан жастарының ғана емес, ауыл жастарына көмек көрсетуге бағытталған «Мүмкіндіктер алаңы» шарасы өтеді. Басты мақсаты – ауыл жастарына, оның ішінде НЕЕТ санатына басымдық бере отырып, мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды насихаттау, кәсіпкерлік бас-

дау мақсатында бірқатар жоба жүзеге асып келеді. Олардың басты мақсаты – жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, спортқа, шығармашылыққа баулу, патриоттық рухын арттыру, одан бөлек мемлекеттік бағдарлама аясында жұмыспен қамту.

Бүгінде ауданда 14 пен 35 жас аралығында 10 816 жас бар. Жыл басынан бері жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 95 шара өтіп, оған 3500-ден аса жас қатысты. Ерекше айта кететін жайт, был ауданда алғаш рет мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік мекеме қызметкерлері арасында «Кітап оқырмандары» клубы бастау алды.

Орталық тарапынан ұйымдастырылатын шаралардан ауыл жастары да шыр қалған емес. Кез келген мерекелік шара ауыл жастарының қатысуымен өтеді. Жастардың ұйымдастыруымен жыл сайын ауыл жастарын өлеуметтендіруге бағытталған «Мүмкіндіктер алаңы» шарасы өтеді. Басты мақсаты – ауыл жастарына, оның ішінде НЕЕТ санатына басымдық бере отырып, мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды насихаттау, кәсіпкерлік бас-

тамаларына қолдау көрсету, жұмыспен қамтылуына жағдай жасап, бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Бүгінде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,2 пайызды құрап отыр.

Кітапхана – рухани орда

Кітапхана – оқырман үшін дүниеде ештеңе төңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан ғасырға адамзат тарихының құнды сырларын сақтап жеткізген, білімділіктің киелі ордасы. Бүгінде аудандық кітапханада 70 499 кітап бар. Ал онда келетін оқырман саны 5506 адамды құрайды.

«Адал адам» мәдени-тәрбие беру орталығы» тұжырымдамасы бойынша әрбір оқырманның кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту, көзқарасын қалыптастыру мақсатында барлық кітапханада «Әлем book» оқырмандар клубы ашылған.

Клуб жұмысы аясында «Кітап-Аманат» жобасы, «Кітап – ғасыр мұрасы» атты кітап көрмесі, «Кітап Travel» атты кітап әлеміне саяхат, «Библио ART» жобасы, «Балалар кітапханасы дәстүрлі және жаңаша қызмет» семинар-тренинг, тағы басқа шаралар өткізілген.

Айта кетейік, кітапханада 2018 жылдан бері «Coworking» орталығы жұмыс істейді. Ал бытырдан бері оқырман үшін «Түнгі кітапхана» жобасы да іске қосылған. Бұл – жұмыстан қолы босамай, кітап оқуға уақыт таппай жүрген оқырмандарға арналған игі бастама. Кітапханашылардың айтуынша, «Түнгі кітапхана» жобасы арқылы кітапханаға 452 оқырман келген.

Ие, кітап – ой-өрісімізді дамытып, рухани байлығымызды арттыратын ең қымбат дүние. Оқимын, ізденімсіз деген кітапсүйер қауымға арнап жасалған жоба оқырманның білімге деген ынтасын ашып, жаңа жайлылық пен тыныштық сыйлайтыны рас.

Жалпы үлкен орталықтың жұмысы жүйелі. Мұнда келушілерге де, қызметкерлерге де барлық жағдай жасалған.

Ақтөты БҮРКІТБАЙ



Кеңес

Сегіз айдың жұмысы сараланды

2023 жылы 6 маусымда Жалағаш аудандық отбасын қолдау орталығы құрылды. Онда бүгінгі таңда 15 адам жұмыс жасайды. Орталық тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында быыл ішкі істер бөлімімен бірлескен арнайы іс-шаралар жоспарын бекітіп, тиісті жұмыстар атқарған. Тарқатып айтсақ, 2025 жылы тұрғындар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында үкіметтік емес ұйымдар, денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының қатысуымен 78 кездесу ұйымдастырылған. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша аудан өкімдігі мен ішкі істер органдарымен бірлесіп, арнайы бейнеролидтер мен буклеттер дайындалып, әлеуметтік желілерде 61 рет материал жарияланды. «Аманат» партиясы аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының отырысында орталықтың быыл мұнан өзге де атқарған жұмыстары сараланды.

Орталық директоры Ғалым Жанашев отбасындағы тұрмыстық қарым-қатынастар аясында әйелдерге және балаларға жасалатын зорлық-зомбылық мәселесін зерттеу мақсатында полиция бөлімімен бірлесіп, халық кең шоғырланатын орындарда 370 жадынама таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілгенін айтады. «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік» республикалық акция барысында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою мақсатында Жалағаш кентіндегі мектептерде «Ана – отбасы тірегі» және «Әйелдерді қорғау – парызымыз» тақырыбында дөңгелек үстел семинар-тренингтер өткізілген. Орталық психологпен құқық бұзушылардың көмектеге толмаған балалары мен заңды өкілінің қатысуымен арнайы профилактикалық сұхбат жүргізілген. Сонымен қатар әйелдерге әлеуметтік-құқықтық қолдау көрсету мақсатында жаңадан босанған әйел адамзаттарға перзентнанадан шыққанға дейін баланың құжаттарын рәсімдеуге сүйемелдеу жұмыстары үнемі жүргізілуде. Есепті мерзімде барлығы 21 баланың туу туралы куәлігін алуға көмек көрсетілген.

Бүгінде аудан бойынша пробация есебінде 48, полиция бөлімінің есебінде 7 азамат тұрады. Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында олармен орталық психологі мен ау-

дандық прокуратура тарапынан кем дегенде айына 2 рет психологиялық және құқықтық кеңес беріледі. Сонымен қатар ауданға қарасты ауылдық округтерде көпбалалы отбасылар, аз қамтылған отбасылар, ерекше қолдауды қажет ететін отбасыларға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінге дейін аудан бойынша 20 мектепте оқитын қолайсыз отбасында тәрбиеленетін 10, мектепшілік есебінде тұратын 29, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған 43, аз қамтамасыз етілген отбасында 2073, көпбалалы отбасында 2043 бала тәрбиеленуде. Олардың ішінде 312-сінің ата-анасының бірі қайтыс болған, 437 баланың ата-анасы ажырасқан, ал 214 оқушы әлеуметтік қолдауды қажет етеді. Олардың қатысуымен отбасындағы тұрмыстық қарым-қатынаста зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша арнайы дәрістер мен семинар-кеңестер өткізілген. Оған 1650 оқушы қатысқан.

Жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көмектеге толмаған-дар және жастар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында аудан өкімдігі, аудандық білім бөлімі, аудандық прокуратура және аудандық полиция бөлімімен бірлесіп, 34 рет түнгі рейдтік жұмыс ұйымдастырылған. Орталық қызметкерлерімен 65 тұр-



мысы төмен отбасындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық тест, тренингтер өткізіліп, сыйлықтар табысталды. 7-11 сынып аралығындағы оқушыларға репродуктивті денсаулық гигиена, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Ақтерек» сауықтыру лагерінде жасөспірім қыз балалар арасында және жасөспірімдерде саналы шешімдер қабылдау мен ауыр зардаптарды болдырмау үшін қажетті құндылықтар мен білімді қалыптастырып, репродуктивті денсаулық мәселелерін шешу бойынша ата-аналармен кездесу ұйымдастырылған.

– «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық ақпараттық науқан аясында «Бала еңбегінің ең нашар түрлері проблемалары және балаларды сатудың алдын алу» бойынша плакаттар ілініп, ұнарақтар тара-тылды. Аудандық жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, 5 рет спорттық шара ұйымдастырылды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары бойынша «ерекше талап», «қорғау нұсқамасы» санатымен есепке

алынған тұлғалармен және пробация есебінде тұратын азаматтарға тұрғылықты мекен-жайы бойынша психологиялық, әлеуметтік, құқықтық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кемек сұрап келген өмірлік қиын жағдайда қалған 76 кент тұрғынына қайырымдылық іс-шаралары және Наурыз мерекесіне орай «Ардагерлер – алтын қазық» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Орталық мамандары жалғызбасты және көп-балалы 21 қарт отбасының үйіне барып, мерекелерімен құттықтап, аула-сына тазалық жұмыстарын жүргізді, – дейді орталық директоры.

Ғалым Жанашев орталықтың алдағы мақсат-міндеттерін де кеңінен тарқатты. Мәселен, 2025-2026 жылдары өмірдің қиын жағдайында қалған, қолайсыз отбасылардан шыққан балаларды анықтау мақсатында мекен-жайы бойынша отбасыларды аралау, рейд жұмыстарын жүргізу күн тәртібінен түспейді. Отбасындағы зорлық-зомбылықты ерте анықтау, оның ішінде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстық

және өкімшілік құқық бұзушылықтарды, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықты анықтау, жолын кесу жөнінде шаралар қабылданақ.

Мектептердің материалдық инфрақұрылымын күшейту мақсатында ағымдағы жөндеу жұмыстарына 2025 жылы 262 млн 800 мың теңге қаралып, тиісті жөндеу жұмыстары жөне ішінара 8 мектеп ауласына қоршау жасалды. Реновацияға өңген Жалағаш кентіндегі №31 мектеп-гимназиясының есік, терезе, кафель ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Қаралған қаржысы 64 млн 800 мың теңгені құрайды. Сонымен қатар 60 млн теңгеге LED экран, жылжымалы сенсорлық панель тақталар, эрисман парталар алынууда. Мектептің аба-тандыру жұмысы бойынша ауласына асфальт төселеді, оған 15 млн қаржы қаралды. Талғат Садықов ауылдық елді мекендерде де жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары қарқынды жүргізілгенін айтады.

Аудандағы 20 мектеп, 10 балабақша 100 пайыз бейнебақылау жүйесімен, дабыл түймесімен қамтылған. Бейнекамералар полиция бөлімінің жедел басқару жүйесімен интеграция жасалған. Турникет 16 мектепте жұмыс жасайды. 5 мектепте күзет қызметі бар. Быыл мектепке дейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарына 53 млн 592 мың теңгеге бейнекамералар орнатылған. Дабыл түймесін орнатуға 6 млн 215 мың теңге қаралды.

Цифрландыру бағытында жұмыстарға келсек, мектептердің барлығы интернет желісіне қосылған. Компьютерлер паркі 100 пайыз жаңартылған. Барлық мектеп «BilimLand» электронды платформасына қосылған. Бүгінде мектептердің 90 пайызы жаңа модификациялық кабинеттермен қамтамасыз етілген.

Талғат Құрақбайұлы жиынға қатысушылардың да бірқатар сауалын жауапсыз қалдырмады. Комиссия аталған мәселелер бойынша бақылауды күшейту және нақты ұсыныстар беру жөнінде шешім қабылдады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Конституция – 30 жыл

Ата Заң – құқық үстемдігінің негізі

Конституция – әлем картасында жаңа пайда болған кез келген тәуелсіз мемлекеттің дербес белгілерін айқындайтын төлқұжаты. Биыл Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толады. 1995 жылы 30 тамызда жалпы халықтық референдумда қабылданған бұл қастерлі заңда мемлекеттің егемендігі, келбеті, мақсаттары, адам құқықтары мен міндеттері, басқару жүйесі және басқа құндылықтар бекітілді.

Арнайы зерттеулерде Конституцияны Ата Заң, Негізгі заң, Басты заң деп те атайды. Өйткені ол – тыныс-тіршіліктің барлық саласының іргетасы, ұлттық құқық жүйесінің өзепі. Конституцияның талаптары заңдарда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдерінде, азаматтар мен ұйымдардың әрекеттері мен актілерінде жүзеге асады.

Сонымен қатар мамандар Конституция тек қана нормативтік мәтін, тек қана заң емес, ол қоғамда тарихи қалыптасқан принциптер жүйесін, тамыры терең құндылықтарды бекітетін, идеологиялық сипаттағы ұстанымдар қарастырылған ұзақмерзімді бағдарламалық құжат екенін айтады. Ата Заңның ережелерінде адамгершілік және құқық талаптары тоғысқан. Оның нормаларында түрлі субъектілердің ортақ мүдделерінің оңтайлы төпе-теңдігі бекітіліп, қоғамдық келісім, халық пікірі көрініс тапқан, яғни қоғамдық шарт жасалған. Сол мәмілені сақтау, одан ауытқымау – қоғам мен мемлекеттің тұрақты және қарқынды дамуының кепілі.

Өткен үш онжылдықта елімізде толығымен жаңа заңнама қабылданды және оны қолдану тәжірибесі қалыптасты. Бұл тұрақты үрдісте Конституцияның талаптары тиісті субъектілер үшін басты шамшырақ болып келеді.

Арнайы әдебиеттерде «тірі конституция» деген ұғым кездеседі, оның мәні конституциялық ережелер қағаз жүзінде қалып қалмай, күнделікті өмірде барынша жүзеге асырылуы қажет. «Заң жүзіндегі конституция» және «іс жүзіндегі конституция» терминдері де – шынайы конституциялық өмірдің деңгейін көрсету үшін жасалған ұғымдар.

Конституцияның талаптарын өмірге енгізу – мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың ортақ міндеті. Республика Президенті – Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

Қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық саласын конституцияландыру, яғни Негізгі Заңда көрсетілген міндеттерге сай дамыту, кезең-кезеңімен іске асырылып келеді. Бұл мақсатта мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары және басқа бағдарламалық актілер бекітілді. Жыл сайынғы Мемлекет басшысының Жолдаулары, тұжырымдамалар және ұлттық жобалар бұл бағыттағы жұмысқа тың серпін беріп, қарқынды арттырып отырады.

Ішкі және сыртқы сураныстар мен сын-қатерлерді ескере отырып, осы жылдары конституциялық материалдың өзі де бірнеше мәрте жетілдірілді. Елімізде төрт рет конституциялық реформа жүргізілді. 2022 жылы Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ауқымды конституциялық реформа республикалық референдум арқылы жүзеге асырылды. Азаматтық қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, тәуелсіз еліміздің отыз жылдық тәжірибесін ескеріп, озық халықаралық практикаға сүйенген президенттік басқару жүйесін одан әрі жаңғырту, Парламент пен жергілікті өкілді органдардың рөлін күшейтуді, Ұйыметтің құзыры мен жауапкершілігін нығайтуды, партиялық, сайлау және құқық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыруды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар ұсынылып, қолдау тапты. Өткен үш жылда конституциялық түзетулердің аясында жаңа заңнама қабылданып, өмірге ене бастады.

Орын алған жаңашылдықтардың қатарында Конституциялық Соттың қайта құрылуын ерекше атап өтуге болады. Қазіргі заманда қолданыстағы құқықтың сапасына конституциялық бақылау жасайтын арнайы органдар әлем елдерінің басым көпшілігінде бар. Олардың атауына және моделіне қарамастан жүктелген миссиясы ортақ – конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету. Қабылдаған шешімдері конституциялық нормаларға негізделді, оларда көзделген тікелей және болжанған оиды нақтылайды, уақыт талабына сай дамытады, өзара келісілуді, бір үйлесімді мағынаға әкеледі.

Конституциялық ережелер заман ағымына байланысты өртүрлі қырынан көрініп, жаңа бір мағыналар беруі мүмкін. Мысалы, соңғы жылдары ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты «цифрлық» құқықтар деген термин пайда болды. Кейбір елдерде адамдардың интернетке қол жеткізу құқығы конституцияда қарастырылды. Біздің елімізде Конституциялық Сот-



тың кейбір шешімдерінде цифрлық құралдардың адам құқықтарына әсері, одан туындайтын сын-қатерлер және мемлекеттің міндеттемелері сияқты сұрақтарға жауаптар көзделді. Мәселен, 2023 жылғы 21 сәуірдегі №11 нормативтік қаулысында әрбір тұлғаның жеке өмірге қол сұғылмау, өзінің және отбасының құпиясы болу, арнамысы мен абыройлы атының қорғалу конституциялық құқығы қазіргі заманғы коммуникациялық технологияларды (әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді және басқа да интернет-ресурстарды) пайдаланатындарды қоса алғанда, ақпаратты саналуан түрлі көздерде заңсыз таратудан қорғайды деп түсіндірді. Жалпы қаулыларда баяндалған құқықтық ұстанымдарды Конституцияның жалғасы деп айтуға болады және олар ең жоғары заң күшіне ие.

Әділетті Қазақстан құру заңдардың және оларды қолдану практикасының әділетті болуын талап етеді. Ондай жоғары сапаны қамтамасыз етудің басты шарты – конституциялық талаптарға сай болуы.

Конституциялық Сот заңдардың және өзге де актілердің конституциялылығын, яғни Ата Заңға сәйкестігін, тексереді. Кей жағдайларда азаматтар «Конституциялық деген не?» деп сұрап жатады. Мамандар арасында бұл мәселеге қатысты өртүрлі пікірлер бар. Оларға жүгінсек, конституциялық – құқықтық мемлекеттің басты принципі, нормативтік құқықтық және өзге құқықтық актілердің конституцияға сәйкестігі, құқық үстемдігі, адам құқықтарының басымдығын білік тармақтарының бөлінуін, халықтың басқаруын және т.б. құндылықтарды қамтитын кең мағыналы ұғым.

Қазақстанның Конституциялық Соты туралы Конституциялық заңында бұл органның құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін тексерудің мынадай өлшемшарттары көзделген: норманың мазмұны, актінің нысаны, оны қабылдау, қол қою, жариялау және қолданысқа енгізу тәртібі, мемлекеттік биліктің жеке тармақтарға бөлінуі, мемлекеттік органдар арасындағы қузыреттің аражігін ажырату жағдайы, актіге уәкілетті органдар берген ресми түсіндірмесі, сондай-ақ қалыптасқан құқық қолдану практикасы. Осы өлшемдер тұрғысынан конституциялық тексеруді жүргізу қаралып отырған заңның формальды және материалды жақтарын толығымен қамтиды.

Осы өлшемшарттардың арасында дауланып отырған норманы мазмұны бойынша тексеру оны жан-жақты талдап, қабылдау кезіндегі заң шығарушының мақсаты мен ойын зерделеп, анықталған заңнамалық модельге конституциялық баға беруді білдіреді. Бұл шығармашылық процестің шартты түрде бірнеше сатысын бөліп көрсетуге болады.

Бастапқы сатыда проблема тудырған құқықтық норманың мазмұны анықталады. Белгілі бір қоғамдық қатынастарға қатыса отырып, тиісті субъектілер өздері норманың мәнін түсініп, соның аясында әрекеттер жасайды. Мемлекеттік органдар ұстанымдарын өзгелерге түсіндіреді, сол түсінікке сүйеніп, шешімдер қабылдайды. Құқық теориясында бұл қызметті заңға түсіндірме беру деп атайды. Осы бағытта түсіндірме берудің көптеген әдіс-тәсілдері қалыптасқан (сөзбе-сөз түсіндіру, басқа нормалармен бірге жүйелі түсіндіру және т.б.). Заңгерлердің арасында «екі заңгер, үш пікір» деген сөздер жиі айтылады. Өрине, көз келген заңгер, ол судья, прокурор, тергеуші, адвокат немесе ғалым болсын, өзінің білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, қандай да бір заңды өзінше түсінеді және қолданады. Қабылданған құқықтық актілерге жоғары тұрған органдар мен лауазымды тұлғаларға шағымдану, сот актісін бірнеше сот инстанцияларында қарау олардың негізіне қойылған заң мен оған берілген түсіндірменің дұрыстығына қол жеткізуге бағытталған.

Көп жағдайларда азаматтар басқа құқық қорғау құралдарын пайдаланғаннан соң, Конституциялық Сотқа соңғы шара ретінде шағымданады. Конституциялық Сот, жоғарыда айтылғандай, өтінішті қарау кезінде нормаға бе-

рілген ресми түсіндірмені және ел аумағында қалыптасқан құқық қолдану практикасын ескереді. Бұл мақсатта өтінішке қосымша ретінде жолданған нақты істер бойынша сот және басқа да органдардың шешімдері, Жоғарғы Соттың тиісті тақырыптағы нормативтік қаулылары, уәкілетті органдардың қорытындылары құнды материал болып табылады.

Мамандар арасында «конституция заңдарда өмір сүреді» деген сөз бар. Конституцияның көптеген ережелері олардың өмірге өну тетіктерін реттейтін заңдар арқылы жүзеге асады. Жай заңдарға қатысты Ата Заң, өзінің атауы айтып тұрғандай, заңдардың бабасы, заңдардың заңы, құқықтың басы, қайнар-көзі. Сондықтан екінші сатыда күмен тудырған заң нормасына ұйытқы, оның өмірге келуіне себепші болған конституциялық норма мен оның мазмұны анықталады. Негізгі Заңның ережелеріне ресми түсіндірме беру тек Конституциялық Соттың өкілеттігіне жатқызылған. Сондықтан Конституция нормаларына басқа мемлекеттік органдар берген түсіндірмелермен Конституциялық Соттың пікірі сәйкес келмеген жағдайларда, соңғысына басымдық беріледі. Конституциялық Сот өз қызметінде мемлекеттің ең қымбат қазынасы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деген принципке ерекше назар аударады. Көптеген құқықтардың әркімге тұмысынан жазылғанын, абсолютті сипатын, олардан ешкім айыра алмайтынын өрқашан ой-елегінде ұстайтын бұл ұстаным адам құқықтарын шектейтін заңдардың конституциялылығын тексерген кезде айқын көрінеді. «Мемлекет қоғамдық тәртіпті және басқа құндылықтарды қорғау мақсатында енгізген шектеулер шамадан тыс емес пе?» деген сауалға жауап іздеген кезде бұл шаралардың міндеті, рөлі, беретін пайдасы, ауқымы, оларды қолданған кезде тұлғаның құқығының жүзеге асу деңгейі, адамға тигізетін зияны, басқа, қаталдығы төмен шектеулер енгізу мүмкіндігі терең зерделенеді.

Үшінші сатыда тексеріліп отырған құқықтық норманың мазмұны (мүмкін бірнеше нұсқасы) онымен тығыз байланысты жоғары тұрған конституциялық ережелердің талаптарымен салыстырмалы түрде талданып, тиісті баға беріледі. Осылайша Конституциялық Сот қаралып жатқан заңды комплексті, жүйелі түрде зерделеп, оған Конституцияға сәйкес, сәйкес емес немесе өзі берген түсіндірмеде сай деген шешімдер шығарады. Қандай да бір нақты тұжырымға келуде конституциялық бақылау тәжірибесінде қалыптасқан ұстанымдар қолданылады. Олардың қатарында, қарапайым сөзбен айтқанда, заңда төңдік, әділеттілік, жалпы адами құндылықтар мен жеке тұлғаның мүдделерінің ескерілуі, адам құқықтарын шектеуге қатысты Конституция талаптарының сақталуы (мақсатқа сай, қажет болуы, мөлшерлесті), өртүрлі пайымдауға және қолдануға тосқауыл болатын құқықтық бірізділіктің болуы, адам құқықтарының толыққанды жүзеге асуына барынша жағдайлардың жасалуы, адам құқықтарының өзара үйлесімді болуы және т.б.

Өткен екі жарым жылда Конституциялық Сот тексерілген құқық нормасының Конституцияға сәйкес еместігі жайлы он сегіз нормативтік қаулы қабылдады. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарға алғашқы он жыл бойы жақындарымен ұзақмерзімді кездесулер бермеу шамадан тыс деп танылды. Қылмыстық-процестік кодекстің бұлтартпау шарасының қолдану мерзімі өтіп кетсе де сөзсізін күзетпен ұстаудан босатудың орнына, керісінше оны ұзартуды міндеттеген ережесінің әркімнің жеке басының бостандығына құқығын бұзатындығы анықталды. Осындай мысалдарды түрлі саладағы заңдарға қатысты келтіруге болады.

Конституциялық Соттың тексеру нысанасы болған құқық нормасын өзі берген түсіндірмеде Конституцияға сай деген шешімдеріне ерекше назар аударып келеді. Нормативтік қаулының бұл түрі – маңызды жаңалық. Осылайша

Конституциялық Сотқа қолданыстағы заңдарға Конституцияның нормаларымен тығыз байланыста ресми түсіндірме беру өкілеттілігі жүктелді. Құқық мамандары «заңдардың конституциялық-құқықтық мазмұны» деген ұғымды қалыптастырған. Оның пайда болуы конституциялық бақылау органдарының қызметімен тікелей байланысты. Өткен ғасырдың 50-жылдарында Германияның Федералдық Конституциялық Соты «заңдардың конституцияға сай болуы презумпциясы оларға конституциялық түсіндірме беру әдісін қолдануды талап етеді» деп атап өтті. Оған сәйкес егер түсіндірме берудің әдістерін қолдану арқылы заңның бірнеше мағынасы анықталатын болса, оның конституцияға барынша сай нұсқасын таңдау керек. Сондықтан бұндай шешімдерді қабылдау арқылы түрлі түсінуге жол берген заңның күшін жоймай, оны сақтап қалып, құқық қолдану практикасын дұрыс жолға бағыттауға мүмкіндік туды. Заңды конституциялық талаптарға қайшы деп тауып, күшінен айыру заңнамада бос орындар пайда болуына және тиісті мәселелердің реттеуісі қалуына әкеледі, яғни құқықтық белгісіздік туындайды. Осындай жағдайларда заңға конституциялық түсіндірме беру ең оңтайлы шешім болып табылады. Құқықтық салдары бойынша ол норма конституциялық емес деген шешімге тең, яғни Конституциялық Соттың заңға берген түсіндірмесі азаматқа қатысты қабылданған құқықтық актілерде көрініс тапқан басқа мемлекеттік органдардың түсіндірмесінен басқа болған жағдайларда бұндай актілер процестік заңнамаға сай қайта қарауға жатады.

Құрылған кезден бастап Конституциялық Сот бірнеше рет бұндай нормативтік қаулылар қабылдады. Мысалы, 2025 жылғы 7 ақпандағы №66-НҚ нормативтік қаулысында Әлеуметтік кодекстің азаматтарға жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу тәртібін реттейтін ережелеріне конституциялық түсіндірме берілді. Кодексте еңбек өтіліне жұмыс істемейтін ананың ғана жас балаларға күтім жасаған уақыты есептелетіні айтылған (208-бабы 1-тармағының 8) тармақшасы). Конституциялық Сот бұл мәселеге кеңінен қарап, жүйелі талдау жасады. Оның берген конституциялық-құқықтық түсіндірмесіне сәйкес, Негізгі Заңның 27-бабында «неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында» делінген. Неке-отбасы заңнамасында отбасындағы өрлізайыптар құқықтарының теңдігі, отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісім арқылы шешу қағидаттары бекітілген. Еңбек заңнамасында атаның өз талдауы бойынша жұмыс берушінің баланың анасына не әкесіне бәла үшін жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыс беру міндеті қарастырылған. Сондықтан осы мақсатта жұмыс істемеген ата-анаға (тек анасына ғана емес, әкесіне де) балаға тікелей күтімді жүзеге асырған уақыты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтіліне есепке алынуы тиіс. Қазіргі таңда осы санаттағы ата-аналарға қатысты құқық қолдану практикасы өзгерді. Берілген түсіндірме әлеуметтік мемлекет принциптерін туындайды және азаматтардың мүдделерін барынша ескереді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясы өткен мерейлі кезеңде қоғам мен мемлекеттің тұрақты және қарқынды дамуына негіз болып келеді. Елімізде 2022 жылы етізілген конституциялық реформа бұл үрдіске жаңа серпін беріп, тыныс-тіршіліктің барлық саласын жаңғыртуға бағытталған жүйелі шараларды қолға алуға мүмкіндік берді. Ата Заңның жасампаз әлеуеті халық игілігі жолында басты бағдар болып қала бермек және кешенді жұмысты жалғастыруды талап етеді.

Бақыт НҰРМҰХАНОВ,
Қазақстан Республикасы
Конституциялық Соты
Төрағасының орынбасары

Бәрекелді!

«Аманат» партиясының аудандық филиалында салтанатты түрде партия қатарына жаңадан қабылданған мүшелерге партиялық билеттер табысталды. Іс-шара барысында партияның негізгі мақсат-міндеттері, қоғамдық жауапкершілігі мен ел дамуына қосқан үлесі туралы кеңінен айтылды.

Партиялық билеттер табысталды



Жиында жаңадан қосылған азаматтарға үлкен сенім артылатыны айтылды. Партия қатарын толықтырғандар – өз саласында белсенділік танытып жүрген, ел мен жер тағдырына бейжай қарамайтын жандар.

Басқосуда Конституция күніне орай партия жұмысына белсене араласып, түрлі бастамаларға қолдау білдіріп келе жатқан партия белсенділері мен жақтастарына облыстық партия филиалы атынан алғыс хаттар табысталды. Бұл – олардың адал еңбегіне көрсетілген құрмет пен жоғары баға.

Шара соңында қатысушылар алдағы уақытта да ортақ мақсат жолында бірлесе еңбек етуге дайын екенін жеткізді.

«ЖЖ» ақпарат

Сақтансаң, сақтайды

Автокөлікте өрт қауіпсіздігін сақтайық

Қазіргі таңда автокөлік күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған. Дегенмен техника қауіпсіздігін ескермеген жағдайда автокөлік өрттің шығуы да ғажап емес. Мұндай өрттер көбінесе көнеттен пайда болып, адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Сондықтан көлік жүргізушілер мен жолаушылар үшін өрт қауіпсіздігі талаптарын білу аса маңызды.



Өрттің басты себептеріне келсек, көбінесе автокөліктерде электр сымдарының қысқа тұйықталуы, отын жүйесіндегі ақаулар тілсіз жаудың тұтануына алып келеді. Ауыр жүктеме кезінде қызып кеткен қозғалтқыш, техникалық қызметтің уақытылы көрсетілмеуі де қауіпті. Шылым шегу, ашық от қолдану да аса қауіпті. Жанармайдың дұрыс сақталмауы немесе тегілуі де тілсіз жаудың тұтануына басты себеп болады.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қандай шаралар қаперде болуы керек? Енді осы сауалдың түйінін тарқатайық.

Көлікте бастапқы өрт сөндіру құралын алып жүру бәрінен маңызды. Әрбір көлікте жарамды ұнтақты немесе көмірқышқылды өрт сөндіргіш болуы міндетті. Өрт сөндіргіш оңай қолжетімді жерде орналасуы тиіс.

Көлікті уақытылы тексеріп отыру керек. Электр мен жанармай жүйесі және қозғалтқышты техникалық тексерістен өткізу өрттің алдын алуға көмектеседі.

Отынмен қауіпсіз жұмыс істеу де ерекше маңызға ие. Мәселен, көлікке жанармай құю кезінде қозғалтқышты өшіріп, ашық от көздерін жақындатпау қажет. Сондай-ақ шылым тартуға тыйым салынады. Автокөлік ішінде немесе жанармай құю бекеттерінде шылым шегуге мүлде болмайды.

Өрт шыққан жағдайда қалай әрекет ету керек? Егер көлік өртене бастаса, дереу тоқтап, қозғалтқышты өшіріңіз. Барлық жолаушыны шұғыл эвакуацияланыз. Өрт сөндірішпен оны сөндіруге тырысыңыз. Қауіпсіз қашықта тұрып, қажет болса, 101 нөміріне хабарласыңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының хабары

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 27 тамыздағы АСК-24/154 қаулысына сәйкес 2025 жылғы №8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына Жалағаш аудандық мәслихаты депутатының орнына сайлау 2025 жылғы 26 қазанға тағайындалды. Кандидаттарды ұсыну 2025 жылғы 27 тамыз – 2025 жылғы 25 қыркүйек күні сағат 18:00 аралығы: кандидаттарды тіркеу 2025 жылғы 30 қыркүйек күні сағат 18:00-ге дейін болып белгіленді.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Өңір келбеті

Жабық бассейн жұмысы жүйелі



Дәуімбай елді мекеніндегі «Бодыбай Құлтекенов» атындағы жабық бассейн жергілікті халықтың қажетіне жарап тұр. Әсіресе аталған нысан өңірдегі жүзу спортының дамуына үлкен мүмкіндік беріп отыр. Жабық бассейнде жыл басынан бері ай сайын ардагерлер мен мекеме қызметкерлері және оқушылар арасында тұрақты түрде жарыс ұйымдастырылуда.

Туған жерін түлетуге атсалысқан жеке кәсіпкер Қайыржан Құлтекенов ғимаратқа 400 млн теңге көлемінде қаржы жұмсап, 2021 жылдың тамыз айынан бастап ел игілігіне табыстаған. Содан бері жүзудің эстафеталық және жекелей түрінен жарыс ұйымдастырылып келеді. Мұнда кент және ауылдық округтегі тұрғындардың қатысуымен айына 2 рет жарыс өткізіледі.

Қазіргі таңда мекемеде 33 қызметкер бар. Бүгінге дейін 2 жаттықтырушы осында қызмет етіп, 4 топқа жетекшілік жасаған, яғни жаттықтырушылар оқушыларды аудандық, облыстық жарыстарға қатыстырып, нәтижесінде жүзу спортынан 2 оқушы І разрядты және ІІ разрядты нормативті орындаған. Бассейн директорының орынбасары Берікқазы Әуесбаев қазіргі таңда мұнда ешқандай жаттықтырушы жоқ екенін тілге

тиек етті. Десе де алдағы уақытта бұл жұмыстар жалғасын тауып, жүзуді үйрететін үйірме жұмысын жалғастырмақ.

Бассейн директорының орынбасары жүзу спортына аудан жастарын баулып, жарысқа қатыстыруға тұрақты түрде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтады. Қазіргі таңда ата-аналар балаларын шымыр болсын деп бокс, күрес сынды үйірмелерге қатыстырады. Алайда жүзу спорты да баланы шымыр етіп шығаратынын естен шығарады. Жүзу кез келген жастағы адамға пайдалы. Жүзумен тұрақты айналысқан адамның бұлшық еті үйлесімді жетіліп, жүйке тамыры нығаяды. Сондай-ақ денедегі зат алмасу, тыныс алу, қан айналу жүйесінің қызметі жақсарады.

Айта кетейік, мұнда үлкендерге және балаларға арналған екі бассейн бар. Үлкендерге арналған бассейннің ұзын-

дығы – 25, ені – 12 метр. Ал тереңдігі – 2 метр. Балаларға арналған бассейннің ұзындығы 12, ені 6 метр болса, тереңдігі – 60 сантиметр. Суға түскенде батпауға арналған қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Бассейндегі су аптасына бір рет, яғни әр аптаның дүйсенбісі күні 4 түрлі қоспа қосу арқылы тазаланып тұрады. Мұнда судың температурасын қалыпты ұстайтын арнайы құрал бар. Балалар түсетін бассейн температурасы – 32, ал ересектердікі – 28 градус. Еден де жылтытқышқа қосылған. Мұнда келуші-



А.ЕРЖАНҚЫЗЫ

Футбол

«Қайрат» топтық кезеңде

26 тамыз, сағат тілі 21:45-ті көрсетті. Тек Алматының орталық стадионына жиылған жұрт емес, бұл жалпы қазақ тақым қысқан күн болды. Сырт алаңда шотландиялық клубпен тең тарқасқан «Қайрат» қарымта кездесуде чемпиондар лигасы топтық кезеңінің жолдамасын сарапқа салуда.

Бас бапкер Рафаэль Уразбахтиннің де, жалпы жанкүйерлердің де көңілі күпті. Неге десеңіз, кешегі Шотландия жеріндегі алғашқы кездесудің соңында Дастан Сәтпаев сары қағаз алып, қарымта кездесуден қағылды. Оның үстіне «Селтиктен» бұрынғы кездесудегі 120 минуттық ойын да алматылық аяқдоп шеберлерін айтарлықтай шаршатты.

Италиялық бас төреші М.Марианидің ысқырығынан кейін қарымта кездесу де басталды. Алғашқы таймда қонақтар басымдыққа ие болды. Бірақ 45 минутта есеп ашылмады.

Екінші тайм басталысымен «Қайрат» сапында өзгерістер орын алды. Жартылай қорғаушы Д.Глэйзер алаңдағы орнын қорғаушы Дамир Қасабұлатқа босатты.

Екінші таймда допқа иелік етуде «Селтик» ойыншылары басымдыққа ие болды демесеңіз, керісінше соңғы 45 минутта «Қайраттың» ойыны жүрді. Кездесудің 70-ші минутында Б.Роджерс командасындағы 2 бірдей ойыншысын ауыстырды. Бірақ одан ешқандай өзгеріс болған жоқ. Араға 5 минут салып, К.Тирни де еріптісіне алаңдағы орнын босатып берді.

Ойын соңына таман қос команда да шабуылды үдетіп, топтық кезеңге өтуге тырысты. Алайда есеп ашылмады. Бұлар Шотландияда да тең тарқасып, есеп аша алмаған болатын.

Алдағы 30 минутта келесі кезеңге кім өтеді? Жанкүйерлердің көкейінде тұрған жалғыз сауал осы. Егер бұдан өтсе, қос команданы 11 метрлік айып добы күтіп тұр. «Селтиктің» дәл осы кезеңдегі мақсаты анық байқалды. Олар алаңдағы қимылды ширатып, 11 метрлік айып добына дейін мәселені біржақты еткісі келді. Бірақ «Қайрат» та қарап қалмады. 30 минут бойы оларға қарсы

тұрған отандық команда топтық кезеңнің жолдамасына соңына дейін таласты.

Сәл ғана үзілістен кейін бас төреші барлығын қақпа маңына жинады. Бұл кезең де бізге қиынға соғып тұр. Өйткені негізгі құрамдағы қақпашымыз жарақатына байланысты орнын Темірлан Анарбековке босатқан. Бұл ойыншыға сөенуге болатындай көрінді. Өйткені ойын барысында 100 пайыз гол болатын соққыларға тойтарыс берді. «Дәл осы ерлігін 11 метрлік айып добында қайтала-ласа» деп тіледік.

Қақпада Темірлан Анарбеков, бірінші болып «Селтик» ойыншысы айып добын орындайды. Ирландиялық шабуылшының қай бағытқа тебетінін Темірлан жазбай таныды. Осылайша ол ө дегеннен өзінің қырағылығын көрсетті. Бірақ дәл осы қателікті «Қайрат» ойыншысы да қайталап, 11 метрлік айып добында да есеп ашылмады.

Мына қызықты қараңыз, «Селтиктің» келесі ойыншысын да біздің қырағы қақпашы қапы қалдырды. Ал мұнан кейін отандық клуб ойыншылары тепкен

ешқандай соққы нәтижесіз болмады. Темірлан жарады, ол мұнан кейін «Селтиктің» тағы бір ойыншысының соққысына тойтарыс берді. Осылайша «Қайрат» чемпиондар лигасының топтық кезеңіне жолдама алды.

Иә, өткен 90 минут, оған кешегі 120 минуттық кездесуді қосыңыз. Жалпылама қарасақ, «Қайрат» сапындағы әр ойыншының топтық кезеңге өтуінде қолтаңбасы бар. Бірақ дәл кешегі қарымта кездесуде «Қайраттың» топтық кезеңге Темірлан алып шықты. Оның 3 бірдей соққыны қайтаруы тіпті отандық клубқа үлкен табыс әкелді. Мәселен, «Қайрат» чемпиондар лигасының топтық кезеңіне шығу арқылы 11 млн еуроға көнелді.

Негізінен «Қайрат» бұл лигада кемінде 20,18 млн еуро тапты. Оның 18,62 млн еурасы – жалпы кезеңге шыққаны үшін берілген сыйақы. 1,28 млн еурасы – ТВ-келісім-шарттан түсетін төлем.

Чемпиондар лигасының топтық кезеңінде алматылық «Қайраттың» қарсыластары белгілі болды. Қазақстандық клуб UEFA чемпиондар лигасының негізгі

лердің қатары наурыз айынан қыркүйек айына дейін артады. Әсіресе жаз айында оқушылардың қатары қалың. 5 жасқа дейінгі балаларға тегін және мүгедектігі бар балаларға жеңілдік қарастырылған.

– Менің ұлым мен қызымның ес білгеннен жүзуге деген ынтасы зор. Сабақпен қоса домбыра, дзюдо үйірмелеріне барады. Былтырдан бастап бассейнге барып, жүзудің қыр-сырын меңгеріп жүр. Жалпы жүзудің денсаулыққа пайдасы зор. Баланың шымыр әрі имунитеті жоғары болуына септігін тигізеді. Сондықтан балаларымды бассейннен қалдырмауға тырысамын. Суы таза, жылы, қызмет көрсету сапасы да жоғары, – дейді ата-ана Гүлжайна Ерланқызы.

Расында кішкентай балаларға жүзудің пайдасы мол. Бұл – баланы сауықтырудың, инфекциялық ауруларға қарсы профилактиканы қамтамасыз етудің ең қарапайым тәсілі. Көптеген ата-ана бассейн суынан баланың денесіне жара шығып, салқын тиюі мүмкін деп алаңдайды. Алайда аудандағы жабық бассейнде балалардың жайлылығы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілген. Тұрақты түрде жүзумен айналысатын баланың имунитеті нығайып, суық тиюдің ғана емес, басқа да аурулардың алдын алады.

Сондай-ақ мұнда қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген арнайы жаттығу залы да бар. Бассейнге үлкендердің суға түсу құны да қалтаға қонымды. 20 адамға дейін қабылдауға мүмкіндігі бар жабық бассейннің бүгінде жұмысы жүйелі. Алдағы уақытта мұнда үйірмелер ашылса, ауданда су спортының дамуына үлкен қолғабыс болмақ

Спартакиада

Апта басында аудандағы «Руханият» орталығында ХІІІ аудандық ардагерлер спартакиадасы өтті. Ардагерлер арасындағы дәстүрлі спартакиадаға кент және ауылдық округтерден 130-ға жуық ардагер қатысты.

Ардагерлер топ жарған сайыс



Салауатты өмір салтын ұстанған ардагерлер арасындағы спорттық сайысты аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет ашып, жарыстың маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Салауатты өмір салтын насихаттауда спорттың маңызы зор. Бұл игі шара – ауданымыздың спорттық өміріндегі айтулы оқиғалардың бірі ғана емес, сонымен бірге ардақты ардагерлеріміздің белсенді өмірлік ұстанымын, қайсар рухы мен жастарға үлгі боларлық қажыр-қайратын паш ететін ерекше сайыс. Денсаулықты нығайтып қана қоймай, достықты дәріптеп, ынтымақты арттыратын спорт – әрқашан елді біріктіретін ұлы күш. Сіздердің спортқа деген құштарлықтарыңыз бен өмірге деген құлшыныстарыңыз – баршамызға үлгі. Бұл спартакиада – жас ұрпаққа салауатты өмір салтын дәріптейтін еңегелі бастама. Баршаңызға тек сәттілік тілеймін. Қарттарымыз аман болсын, – деді Жасұлан Еспенбет.

Дүбірлі доданы өткізудегі басты мақсат – аудан ардагерлерінің салауатты өмір салтын қабыптастыра отырып, ардагерлер арасында спорттың дамуына ықпал жасау. Жарыстың ашылуында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев барлық қатысушыға және ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, ардагерлерге сәттілік тіледі. Ол алғаш 60-қа жуық ардагермен басталған бұл спорттық бәсеке бүгінде үлкен маңызға ие болып, жыл сайын қатысушылар саны артып келе жатқанын тілге тиек етті.

Айта кетейік, спортшы ардагерлеріміз ұзындыққа секіру, қол күрес, асық ату, бес асық, арқан тарту сынды сайыстар бойынша өзара мықтыны анықтады. Алғашқы сайыста ардагерлеріміз ұзындыққа секірді. Бұл жарыста Аққыр ауылының ардагері Қалимаш Жүсіпова көш бастады. Қаракеткен ауылының тұрғыны Айша Құлмаханова ІІ орын алса, Мөрәлі Шәменов ауылынан келген Анымкүл Мәдібергенқызы үштікті түйіндеді.

Қазақтың ұлттық ойындарының бірі, білек күші сыңға түсетін қол күресте өрлер арасында Мәдениет ауылының спортшы ардагері Айтмағанбет Садуов қарсылас шақ көлтірмеді. Ал аққұмдық Целицаев Бөсеев ІІ орын алса, Мөрәлі Шәменов ауылының тұрғыны Әшім Тәжібаев үздік үштіктен көрінді.

Бұл сайыстың әйелдер арасында өткен кезеңінде Мәдениет ауылынан келген Гүлжанат Қайырбаева барлық қарсыласын еңсеріп, чемпион болды. Ал асылық Зейнегүл Тоқтыбаева келесі орынға жайғасса, Қаракеткен елді мекенінен келген Гүлсара Досжанова үшінші орынға ие болды.

Үстел теннисі де тартысты өтті. Бұл сайыста кент тұрғыны Мұрат Жаңабергенов көш бастады. Сондай-ақ Бұқарбай батыр ауылының спортшысы Ерғара Сүлейменов келесі орынға жайғасса, Мырзабай ахуннан келген тағы бір спортшы үштікті түйіндеді.

Бес асық сайысында І орынды аққұмдық ардагер Қайыпкүл Отарова, ІІ орынды Мәдениет ауылының тұрғыны Күлдарай Жақыпова, ІІІ орынды жанаталаптық спортшы Райкүл Медеуова иеленді.

Мұнан кейінгі сайыс командалық арқан тарту бойынша өтті. Бұл сайыста І орынды Мәдениет ауылының ардагерлері, ІІ орынды Қаракеткен ауылының спортшылары жеңіп алды Ал үздік үштікті Аққұм ауылының қатысушылары қорытындылады.

Тартысты өткен спорттық сайыстың нәтижесімен командалық есеп бойынша І орынды Мәдениет ауылдық округі иеленсе, ІІ орынды кент ардагерлері еншіледі. Ал ІІІ орынды Қаракеткен ауылдық округінің ардагерлері жеңіп алды. Жарыс жеңімпаздары арнайы дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Газетіміздің келесі саны 3 қыркүйек, сәрсенбі күні шығады

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1468